

Ғ. Малдыбаев

желдірме

84(Кәб)7
M17



Ғалым Малдыбаев

ЖЕЛДІРМЕ

(Өлеңдер жинағы)

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ. АЛМАТЫ — 1972

1984.32

МЛ

012029

Свердловская областная

БИБЛИОТЕКА

СВЕРДЛОВСКИ

ЛЕНИН НҰРЫ

Енисей — ашулы өзен аққан өрлеп,
«Езілген еңбекші жұрт соңыма
ер!» — деп,
Жагада көк толқыңға көзін тіккен.
Ленин тұр жапый күрес ойы кернеп.
Аралап Европасын, Азиясын,
Таныған тәңірідей тап ұясып.
Халқының ұлы болып ұқты мұңын.
Іздеген бақыттың кең дариясын.
Хат жазды Шушенск алабынан,
Нұр тарап байтақ елге қаламынан.
Ақыры асау өзен тасқынындай
Талқандап шықты патша қамалынан.
Мәңгілік ел үстінде Ленин нұры,
Мәңгілік қазақтың да сөнбес күші,
Сол нұрдан шапақ алған ой мен қыры,
Оның сыры мәңгілік өмір жыры.

КӨСЕМ ТУҒАН ЗАМАНДА

Ленин өзі жазып берген шежіре,
Ұзақ дастан, алтын қазына еліме.
Ақының да жүрегін сол тербеткен,
Арманы оның жету заман төріне.

Мың сегіз жүз бесінші жылдары,
Ресей де елдің бірі еді тұлғалы,
Өттең оны бұлт қаптаған зор таудай,
Ел еді-ау бұл, әлі атпаған нұр таңы.
Патша айдаһар тырнақ қадап бергенде,
Қанды туып сарайына ілгенде.
Сарыбас жылап оралғанда аяққа,
Халық деген күн сәулесін білген бе?

Кедей-кепшік, аштар бастап ерегіс,
«Жерді аламыз», деп шығарды мол егес.
Жығылса да, тұра берді кекті топ,
Айыр, күрек болса да окпен тең емес.

* * *

Владимир жаралғандай таң нұрдан,
Туған бөбек өмір жайлы тың жырдан,
Дүниеге періштедей пәк сәби,
Биігірек «Темірқазық» жұлдыздап.
Түскендей ұл күн нұрының шетінен,
Келді ме әлде алыс айдың төсінен,
Володядай болсайшы деп бар бала,
Талай жүрек сүйген оның бетінен,
Қайырымды, кішіпейіл балаға,
Ақ ниетін тартады екен ер ана.
Қарттан алғыс, жастан тілек нөсердей,
Жауады екен деревня мен қалада.

Қарапайым күйді бала сүйеді,
Тазалыққа, саулыққа бас иеді.
Папасы мен ағасындай ойланып,
Жылағанның зарын ішке түйеді.

Жасы жетіп мектепке де барыпты,
Алғаш рет ақ дәптерге жазыпты,
«Білім жарық, білімсіздік қараңғы» —
Деген сөзді тұңғыш жаттап алыпты.

Құрметтеген ұстаздарын, мектебін,
Абайлаған білім жолы өткелін.
Балалықты жыл құсындай ұшырып,
Қарсы алды ол жасөспірім көктемін.

Құрды патша елге қанды дарасын,
Құрбан етті-ау Лениннің ер ағасын.
Халық кегі, — аға жолы тұтасып,
Бастан кеткен революция данасын!..

АНТ

Қанды аркан дар ағашта тұр теңселіп,
Сияқты қара жылан жылжып, төніп.
Мылтықты күзетші бар екі жақта,
Өткен-кеткен адамға қаһар төгіп,
Жас жігіт Александр Ульянов,
Айдаумен дарға келді оттай жанып.
Қол-аяқ кісендеулі, бұғауланған,
Ағылған қатарласа сансыз халық.
Адамды қандай ауыр дарға асу,
Халықтың көңілі кекті, жүзінде ашу.
Шықылықтап сауысқандай полицейлер.
Міндеті қылыш сілтеп, жұртты басу.

Ілгешек канқор арқан салбырады,
Төзбей тұр карауға да адам жаны.
Ульянов Александр шошыр емес,
Қасретке қарсы кеп қаһарланды.
Жоғары көтерілді Александр,
Десті жұрт: «Үзілсейші арқан құрғыр».
Басында мұнараның кара құстай,
Күлімдей залым патша ол қарап тұр.
Осы сәт Владимир ашу кернеп,
Құшақтап Володяны Мария ана,
Жылады жендеттерге зауал тілеп,
Бекітіп жүрегіне қанды кекті,
Қолымен басып жанған көкіректі.
Владимир Ильич Ульянов
Ызамен алға адымдап жүріп кетті.

ҚҰТТЫ БОЛСЫН ОРДЕНІҢ

Ұлы Ленин ордені
Солтүстік Қазақстанда.
Егінші, малшы, ән елі
Ұксап тұр күнді құшқанға.
Ленин есімі аталса,
Құтты болсын орденің,
Еңбекпен өскен көп ерім.
Сыйың, тойың бұл сенің.
Жаса, гүлден, өс елім!..

КОМБАЙНШЫ ЖЫРЫ

Совхозымның даласы егін шалқыған,
Араласам денем майдай балқыған.
Түлкі іздеген сонардағы аңшыдай,
Түлей берем қалың десте артынан.

Десте-десте,
Егін кесте,
Басшы көшке
Комбайн.
Көп комбайн тұлпардай жер тарпыған,
Көп комбайн сұңқардай бұлтта қалқыған.
Ақ теңіздің аршындаған кемесі,
Ақ бидайды сабағынан аршыған.
Дала дарқан,
Тасыды дән,
Шырқалды ән,
Әр дәйім.
Дала үніне мен де қосам әнімді,
Кемем кешер бұлттар менен сағымды.
Күн нұр шашты, ай алқасын төседі,
Қарсы алдым мен дән тойымен таңымды.
Таңым — жарқын,
Саған халқым,
Құюға алтын,
Самғайым.
Күркіреген күнге күшім теңелген,
Дауылға да, бұршаққа да бөгелмен.
Түйір бидай қымбат тамшы қанымдай,
Отан сенің сарайыңа төгем мен!

АҚ КӨГЕРШІН ҰШЫРДЫҚ

Меймандос Май келдің бе,
Гүл көтерген сұлудай.
Қонағы бар елдің де,—
Құрметтімсін сұлу Май.
Ақ самалға оранып,
Келдің Ленин нұрымен.

Мерейлі мейрам бол анык,
Ежелдеп жақұт-гүлім ең.

Жан-жүректі тербеткен
Қымбатсын ғой, Май сұлу,
Өмірді өрге өрлеткен,
Дәл өзіндей қай сұлу!

Сенің дарқан даңқыңа,
Ақ көгершін ұшырдық.
Барлық дүние — халқына
Май сәлемін ұсындық.

КҮЗГІ КӨРІНІСТЕР

Күзгі жел бірде арттан, бірде алдан,
Үрлейді көзсіз тентек ерік алған.
Бұлттарды керуендей ысқыра айдап,
Жабады жерге шаршы ақша қардан.

Далада көрінбейді жазғы сағым,
Құстардан жылы өлкеге өтер табып.
Суық жел шаштаразы сияқты о да,
Сыпырды қарт қайыңның жапырағын.

Айрылып жаз көркінен терек, қайың,
Бас нер жерге, дауыл соккан сайын.
Баурында түнде ықтаған көреді анык,
Қараша, Желтоқсанның жұлдыз, айын.

Тай, құлын тоңазыған, салады ойнак,
Еліктер оларға ерке көбен бойдак.
Тон киген жылқышылар шолиды еріп
Ақпан мен қаңтардағы тебінді ойлап...

КӨРКЕЙТКЕН БАЙТАҚ ЕЛДІ...

Табиғат шебер ғой ол жан жаратқан,
Жалғанда зергер бар ма бұдан асқан.
Бірде жел, бірде тымық, бірде тұман,
Бірде қар, бірде нөсер жер мен аспан.

Жаз жайнап, қыр қыздардай киінеді,
Үстіне жібек, баркыт үйіледі.
Шықтап моншақ таққан күн сұлуға,
Бозғыл бу жылжып келіп иіледі.

Масайрап көз алдында еркін жәндік,
Аралар гүлге қонған құста пандық.
Ойнақтап, асыр салып көңілді жүр,
Тогайда, қорықтарда аңдар барлық.

Бұлбұлдар, сайран етіп, сайрар гүлде,
Аққу қаз шомылады күміс көлде.
Ақ иық жердің шарын айнала ұшып,
Қанат қақпай қалықтап келеді елге.

Көресін көк шалғында төрт түлікті,
Түгінен майы шыққан әрі сүтті.
Өсірген жер қайысқан сонша малды,
Жер-ана қандай жомарт, қандай құтты.

Тың төсінде мол егін жатқан шалқып,
Толқыны ақыл-ойды алар тартып.
Ат жетпес алты айшылық кең даладан,
Ақтарып алтын дәнді алдық сарқып.

Тауыса алман таудың айтып тамашасын,
Жүрмесек бұрын мұнда адасасын.
Көкше ғой соның бірі Арқа аралы,
Сан сұлу Бурабайға жуган шашын.

Қыс келсе, қысылмайтын болды заман,
Мың-мыңдап қой қоздайды, төлдері аман.
Кең сарай ақ шатырлы мал қорасы,
Ішінде мұрттан күлген шопан, маман.

КОМСОМОЛ — МЕНІҢ МЕКТЕБІМ

Біз едік партия екен қызыл қайың,
Біз едік тұңғыш емен, қарағайың.
Аялап алтын шұғыла, күміс нөсер,
Қондырды кеудемізге күн мен айын.

Есімде... жаулар мен жұт камалады,
Бөрі ұлып, мал өрісін жағалады.
Тойтарды сол сұмдарды тұмсыққа ұрып,
Жастардың көтерілген шаңырағы.

Сол күнгі комсомолдың біреуі мен
Талаптың тұлпарына ерте мінген.
Жалынды жаңа өмірге жетеледі
Қасиетті қызыл билет Ленин берген.

Есімде... ауыл онда мұндай ма еді?
Жоқ, онда байларда еді су мен жері.
Шым үйде шоқпыт киген ұл менен қыз
Қырық құрау борша-борша етек-жеңі.

Серпілтті жастар елден тұмап, бұлтты,
Көтерді жастар талай ауыр жүкті.
Тай шабыс, тасбақа аяң кейін қалып,
Өнер мен білім ері озып шықты.

Ол айды, ол жылдарды ұмытпаймыз,
Жолындай жолбарыстың жүректегі із.
Сен үшін не көрсек те сендер үшін,
Сендер өс, бақытты бол, ұл менен қыз!

БІЗДІҢ КЕЛЕШЕК

Лениннің ескерткіші алдындағы,
Ән мен күй, сауық-сайран мектеп маңы.
Баламның өскен жылы бесігіндей,
Көзге ыстық, жанға жайлы, нұрланады.

Қорғаған балапанын қоңыр қаздай,
Бала үшін ұмтылды ауыл жаны қалмай.
Көкшетау— Есіл менен екі арада,
Қарағай тасыды ауыл алты ай жаздай.

Маңдайлардан маржандай тамған терден,
Тұрғандай біздің мектеп ойласам мен
Кірпішін, бөренесін көтергенге,
Жүремін алғыс айтып жүрегімнен.

Жасай бер ұзақ жылдар біздің мектеп,
Отанның ұл мен қызы өссін көптеп.
Еркін ашып есігін болашақтың
Шыңына бар арманның солар жетпек!

ЖАҢА ЖЫЛ

Төбемізде жұлдызды айлы аспан,
Жерде біздің шыршамыз пұрын шашқан.
Ақша қар шағылысып шұғылаға
Снякты аппақ теңіз шалқып жатқан.

Өмірдің бақыт жылын көруге асық,
Ұл-қызы ауылымның әнге басып,
Көңілді ата-анасын қуантады,
Календардың алғашқы бетін ашып.

Достарым, бұл жыл тағы болсын құтты,
Тойымыз тойға ұлассын салтанатты.
Еңбекпенен жетейік болашаққа
Таңданып, тамаша етіп шартарапты.

ОН КҮН

Декабрьдің аязы тістеп беттен.
Сүйсе-дағы өткізіп ет, сүйектен.
Бақыт, шаттық әкелген ай еді-ау ол
Жаңа ырғаққа жан беріп өмір сепкен,
Жер жүзінің ай, күні — Москваға,
Аттандырып өлең, ән, біздің дала.
Миллиондаған дос халық тындап көрді
Алғыс айтты партия, — көсем дана.
Театрда, кинода — Қазақстан,
Бұлбұлдары дәл он күн сайрап ұшқан,
СССР-лық байтақ ел бауырластар,
Жүрегі бір халықтың сырын ұққан.
Дала күйі тартылып Кремльде,
Дала өлені айтылған ортақ тілде.
Дала әні шырқалып толқындана,
Дала данкын жайған-ды дүниеге.
Москва оқып қазақтың романын,
Москва оқып қазақтың дастандарын,
Москва көрді дала кнырларын,
Москва көрді Алатау асқарларын.
Алтын шегі кобыз бен домбыраның,
Гүлеткен-ді нәсердей қазақ әнін.
«Қазақстан, гүлден!» — деп соқты алақан
Ұл мен қызы сүйікті астананың.
Москваның төрінде болып мен де,
Айта келдім сәлемін туған жерге.
Жасқа толған бөбегім күледі әне,
Алғаш рет тәй басқан жаңа белге.

Ұ АҒАСЫҢ

Сәбит жолдас, маған ұстаз, ағасың,
Мейірімді көк Еділдей тазасың.
Тамырың жерді, бұтағың көкті ораған.
Көп ініңе жасыл орман панасың.

Сәбит аян сенің «Өмір мектебің»
Көз алдымда ұзақ, терең өткелің.
Әлі есімде алыс қалған жылдарда
Жүрегіме жырдың гүлін еккенің.

Сәкеп шырқап «Альбатроспен» ұшқанда,
Ер Алтайын Сұлушашты құшқанда,
Пролетарлық соққы болды күшті үндер,
Күндеп жүрген байшыл, наншыл
дұшпанға.

Құлпырғанда байтақ ұлы еліміз,
Сәбит, туган өлкең біздің жеріміз.
Көп жасаған биік сенің тауларың
Таусылмайтын алтын, күміс кеніміз.

Жетпісіңде піліп сәлем беремін,
Достан шашу осы арнаған өлеңім.
Қолың қысып, бетіңнен сүйіп құрметтеп,
Ұзақ жаса, сау бол, Сәбе, дегенім!

АНА АРМАНЫ

Балам, сәлем сағынышты анаңнан!
Сенен қымбат өмірімде таба алман.
Жаным да сен, балам да сен, көз нұрым
Бакыт үшін дүниеге жаралған.
Мен анаңмын ақ сүтімді емізген.

Сен дегенде ойым — терең теңізден.
Дәмді асты өзімнен де қызғанып,
Саған ғана, саған ғана жегізгем.
Түн ұйқымды төрт бөлгемін, қарағым,
Інга — десең жадыраған қабағым.
«Әлди-әлди, ақ бөпем», — деп әндетіп.
Тербеткемін таң жайғанша сабағын.
Ойнауына жібергенде далаға,
Көп ойладым «кім тиді?..» деп балама,
Қапылыста шыбық тимей қыңқ етсең
Қызғыштай боп түсуші ем араңа.
Балалармен құс-көбелек қуалап.
Талға мініп, жарысқанда ұра-лап.
Қуанғаннан төбем көкке тиетін,
Бұдан артық ана қайда қуанбақ?
Білдірмедім әкең барын, жоғын да
Бала құстай бауладым оң қолымда,
Еңбек, ойын, өлең болды ермегің
Балдырғандай балалық шақ жолыңда.
Айлардан ай,
жылдан да жылжып озғанда,
Сен ержетіп әр жасыңа толғанда
Той қылғанмын, тон кигізіп үстіңе
Сайрандатқам өзен, тоғай-орманға.

* * *

Балам сені интернатқа бергемін.
Жаксы оқыр деп шын жүректен сенгемін.
Құнмен қатар көңілімде тұрасың.
Ұйықтағанда сенсің түсте көргенім.
Мектебің мен партаң да ыстық көзіме
Шөлдеп жүрем әрбір айтқан сөзіңе.
Оқушыны сеніменен кластас
Тең көрермін ұлым сенің өзіңе.

Жақсы оқысаң жаным жаздай жадырар,
Ақылыма ақыл қонып жаңғырар.
Мені ұзақ жасатуға шаттықпен
Әр сабағың — дәрі ауызға тамызар.
Бас арманым — денсаулығың, шырағым.
Тулап аққан мөлдір таза бұлағым.
Болашақтың ұрпақтары көреді
Ай мен Шолпан, Темірқазық тұрағын.
Коммунизм ері деген — ардақты ат,
Ол есімде қойған елің ардақтап.
Өнер, білім, қиырға ұшқан қыран құс
Алтын қанат, тон тұяғын тандап бақ.
Екінші арман — сенің, жаным ақылың.
Ой иесі табар дүние асылын
«Ақыл тұрған бойда — бақыт, білім де»,
Еске алсаң халқымыздың нақылын.
Үшінші арман — үлгі, адал бол досыңа
Білімге өрле дос, жолдасқа қосыла.
Кейбір сыншы» мұртын сылап» демесін:
«Интернаттан үйренгені осы ма?»
Ұстазыңның айтқанын ұқ қашан да,
Жетекшіңе басың шайқап қасарма.
Тәрбиешің, о да анаңдай — қамқорың.
Осы досың косар озат қатарға.
Әзірше осы анаңның ой, арманы
Ақ сүтімен хатқа анықтап жазғаны.
Екеумізді жеткізетін партия
Алтын заман шұғыласындай таңдағы.
Бұл аманат — жүрек сыры аналық.
Бар ананың менше ойлауы және анық.
Есіме алсам емшек иіп, еміреніп
Ақ жолыңа қарай берем қадалып!..

БІЗ СҮЙЕМІЗ

Бізге қымбат күн нұры, жер менен көк,
Бізге қымбат жайқалған егін мен шөп.
Бізге қымбат еңбекте сағат, апта,
Бізге қымбат ай, жылдар теңдесі жоқ.

Өмірді біз сүйеміз, сүйеміз де,
Өмір үшін өрт, отқа күйеміз де.
Соғыс — өлім «кұртам!» деп тап бергенде,
Жалыннан тон айқаста кигеміз де.

Өткен талай ауыр жыл басымыздан,
Найзагай атылған тау-тасымыздан.
Соғыс бейне айдаһар қанға тоймас,
Айырған ол қырандай жасымыздан.

Өмір десе жанымыз қуанады,
«Соғыс!» десе тек жүрек уланады.
Біз адамбыз, жан сезім, ақылға не
Орман, тау да соғыстан қуарады.

Жойқын, қыргын қаруы жойылсын! — деп,
Ту көтеріп адамзат етті тілек,
Сол тілекті қабылдап шын жүректен,
Менің туған Отаным болды тірек.

ЕГІН ЖЫРЫ

Кешегі «Қыр қызының» кестелері, —
Бүгінгі мынау шет-шексіз дестелері.
Іліп ап орамалдай тартар «кеме»
Шағылысып күн сәулеге өкшелері.

Сәулетті, сан мүшелі «қыр кемесі»
Қағып тұр масақтарды керегесі.
Әзірлер алтын дәнді машинаға,
Жем жеген пілдей епті турба — өңеші.

Машина үсті-үстіне кетіп-келіп,
Салмақпен доңғалағы балшыққа еніп,
Тиіп ап қызыл маржан кебежеге
Шу қояр шабысы оның желдей өпкі.

Құйылды көп өзектен сабап, мекен.
Сырғытқан сым-саусақтар шебер екен.
Түйедей шөктіреді шөмелені,
Дейді олар: «егіз жылға» еркін
жетем...»

Жомарт жер, қойны толы казналы,
Тағы да шертті ақынға بازیнапы:
«Деуші едің саған деген сәнді әнім
бар.
Сол дастан енді қашан жазылады?»

Сылтауға сөз таба алмай сасқалақтап,
«Ол дұрыс, — дедім, — жүрмін қалам
баптап.
Адам жер, тұқым, бидай бәрін де
абзал,
Жазамын, ең жақсыңды, мықтап
мақтап».

Тидім бе әлде Арқаның «қытыгына»,
Білмеймін ойыны ма, ол шыны ма?
Солқ етіп егін-жайым бір қозғалып,
Сыр айтты адам, егін тұқымына...

Жер

— Көкке ұшсаң, суға түссең қанатың
мен.

Кеудене күн мен жұлдыз тағамын мен.
Қажеттің бәрі менің құрсағымда,
Ала бер, керегінді табамын мен.
Көкорман, жасыл алқап бауырымда,
Жемісім, дәрім, шөбім ауылымда.
Әр тұқым, күлшелі дән, сенің жаның.

Қолымда қысқы қар мен жауыным да.
Қопарсам казынамды нудан тартып,
Ғаламда байлық бар ма менен артық,
Қайнатса, күннің оты қолтығымды,
Ақ бидай алтын көбік алған қалқып.

Менімен тең түсе ме тұқым-бидай
О дағы топырағым, жүрсен жимай.
Мақтасаң мені мақта ақын жолдас,
Қазынам мол денеме тұрған сыймай.

Арқа деп айдар таққан Асан қайғы,
Өлкемін жасыл шөпті, ақ бидайлы.
Қызуым, қызығым да, қыз қойнындай,
Жаныңды тербер сырым таусылмайды.

Дәнменен тау төңкерер, адам қолын,
Дән барса, теңіз, мұхит ашар жолың.
Сап етсе, аш бөрідей кенеттен жау,
Сол жауды құртатын дән — алғашқы
огың,

Екіншім, мінді қалай жасырайын,
Мен емес, тегін өскен терек, қайын.
Мен — астық, мен — халықтың рыздығы.
Мен — сенің көркің менен бидайың.

Егінші ел, күт те мені сыйла, банта,
Көзіңнің нұрындай ғып бағып,
сақта.
Агроном, меңгеруші, бригадир,
Достарым, сертінде тұр, сенімді
ақта!

ПОЧТАЛЬОН ӘНІ

Тосады мені барлық әйел мен ер,
Қарсы алар комсомолдар, пионерлер.
Тағатсыз терезеге жалтақтайды,
Хат күтіп тілші, акын, журналистер.
Таспа бел, қарақат көз, алмадай жүз,
«Хат бар ма, хат бар ма?» деп жүгірер
қыз.
Тоймайды сол сұлулар не себепті,
Күн сайын хат алса да, жаз бенен күз.
Баладай күлшелімін ауыл-үйге.
Сыйлайды ата-аналар, апа, жеңге.
«Қарындас, Сізге қымбат хат бар» десем,
Өкшесі кей қыздардың тимес жерге...
Таңдаған мамандығым почтальон,
Тек жүрмей, көптің сырын ішке түйем.
Жұлдыздай жарқыраған газеттерді,
Тезірек жеткізуді сүйем, сүйем!

ОТАН ӘНІ

Дамылсыз домалаған жұмыр жерім,
Алты ай қыс ұзақ сапар жүріп едің.
Көңілді көктеміне келдің бе аман,
Алдыңнан шықты тойлап туған елім.

Жерім, сен көңілденсең, көңілдіміз,
Еңбекті тани білсең өмірліміз.
Күн саған бетін бұрды махаббатпен,
Біз енді малдымыз да, егіндіміз!

Қаңтарды қар жатқан ұзақ қонып,
Орманның басы түгел бүршіктеніп,
Бөбектей анасына еркелеген,
Қарап тұр күн нұрына жарыса өріп.

Күлімде балуан дене арқадағы,
Күлімде Көкшетауым — арқа аралы.
Күлімде Ертіс, Есіл, Тобыл, Торғай,
Күлімде Айыртау мен Қарқаралы.

Әрқашан күн жасасын, жер тозбасын,
Әрқашан аспан күлсін, күйі толгасын.
Әрқашан Отан-ана болсын аман,
Әрқашан қара күрең бұлт болмасын.

БАЛҒА — ОРАК

Бесжылдық деген күйге сал домбыра,
Он перне өрлей жүйткі тайпал жорға,
Екі шек дабылдата, нөсерлете,
Екпін бер он саусақ пен екі қолға.

Бесжылдық — балға,
орактың бар тұлғасы,
Бесжылдық — ән еркесі, жап сырласы.
Қақ жарған Қафтың тауын найзағайдай,
Қаһарлы қарт Отанның қағидасы.

Бесжылдық бесігінде бекіп белім,
Ғасырлар тарих — жүгіп жиған елім.

Берлиннен бермен қарай Қызыл туын
Жайнатқан күн нұрындай қызыл ерім.

Желдете жаңа күйге сал қобызым,
Бас идір аспан желін, көк жұлдызың.
Самсаған самолетті сәндеп мінсін.
Самалда, сахарада ұл мен қызым.

Су кешкен, мұзды кескен, толқын ескен,
Кемелер керуені өрсін өктем,
Сусындап су астымен сансыз жігіт,
Теңіздің тәңірі боп жүрсін көшпен.

Заводтың мойындары көкке өрлеп,
Көк мақпал бұйра түтін құлаш сермеп.
Гудоктер азынасып, көк жаңғырта
«Мекені асыл кеннің қай жерде» деп.

Мыс еріп, алтын, күміс бұрк-бұрк қайнап,
Құйылсын болат, темір, құрыш жайнап.
Станок заводтарда зырылдасын
Азуын арыстандай қарш-қарш қайрап.

Трактор қойдай, өріп сендей қалқып,
Комбайн көмейінен алтын сарқып,
Құлпырып бидай, бұршақ мақта, жеміс.
Даласы колхоз, совхоз жатсын шалқып.

Туған жер — Есіл, Ертіс, Тобыл, Жайық,
Мал менен өркендесін құлаш жайып.
Бетінде Балқаш, Каспий, Арал, Сырдың
Билесін алтын қалақ, күміс қайық...

Ү ЖЫЛДАР СЫРЫ

— Мынау кім? Шаш-сақалы күмістей ақ,
Түспеген денесіне кенедей дақ.

— Бұл казак өмір-жасын өлеңдеткен,
Жаңа жыл күні бүгін отыр тындап.

— Жасымда жігіт болдым биік төстек,
Құм тастан алтын алдым теріп екшеп.
Көктемнің жер жібіткен сәулесіндей,
Бойымды көруге жұрт жүрді көксеп.
«Кім болдың» десе жастар шертерім мол,
Далада құлазыған жайладым көл.
Жұлдыздай жарқыраған ұрпағым-ау,
Тек сүрлеу болды ескі біз жүрген жол.
Мал бағып, өскен жанмын егін салып,
Жапанда ән шырқадым домбыра алып,
Бүгінгі жастар мінген машинаны
Біз бұрын мінгеміз жоқ, ат болды арық.
Дарига, өмірімді айтсам жыр ғып,
Жоргадай өте берді жылдар жылжып.
Теніздің түбіндегі асыл тастай,
Советім аршып алып өсірді ұл ғып.

* *

Ү Он бес пен жиырмада жапқан отсың,
Мылтықтың корабында жасаулы оқсың.
Жанасың, атыласың, аялбайсың
Байсың да, мырзасың да, жомарт, тоқсың
Сәулесі тіршіліктің тұрып жақың
Байлайсың нығына құс қанатын.
Ұшасың қонасың да қырга, тауга,
Арман ғып өмірдің сән-салтанатын.
Түсірер отқа, суға алғашқы арман,
Ол мирас а-а-анадан бізге қалған.

«Па, шіркін: Сүйген қызға қолым
жетсе-ау...»

Деген ой жүрегіңнің тыншын алған.

Жиырма мен жиырма бесте

дауылдайсың.

Кейде қар, кейде бұршак, жауындайсың.

Замандас қыз-бозбала бәрі досың.

Жайлаған ала тауды қауымдайсың.

* * *

Отыз бен жиырма бестің арасында,
Жұтсан да балдың көлін қанасың ба?
Құрбылар бәйге атындай озып жатса,
Қосылмай бұл дүбірге қаласың ба?
Мейлің сен азамат бол, министр бол,
Мейлің сен шофер болып тарт ұзақ жол.
Шамаңша шырқап ұшар тағын осы,
Әділдік, шындыққа тек көп көңіл бөл.
Қырық деген арыстандай қадірлі жас,
Болса да тастан қамал алмай қалмас.
Сөзің маржан, іс самал, күшің қамал,
Даңқын зор, дауылпаздай қанат талмас.
Елу жас жемісі мол тоғайлардай,
Орманды, жапырақты жайлы-жаздай,
Жалғасы жылдарыңның көп жасаған,
Ұл-қызын жарқыраған күн мен айдай.
Алпыста атқа шабу емес қиын,
Сонда да беруден көп, алар сыйың.
«Бәйгеге ұзақ қосқан тарлансың» деп,
Шығарар пенсияға құрметті ұйым.
Жетпісте тәнің кәрі, қиялың жас,
Кездесер ауыл үйде құбы-құрдас.
Құсы ұшқан айдын көлдей сен де тұнық.
Жыл заман қартайтпайды жаның сырлас.

«Сексенде селкілдеген шал боларсың»
Десе жұрт тауып айтқан өмір расын.
Тұғырда сен де отырған кәрі бүркіт.
Сыпыртып кезіндегі томагасын.
Осылай ай өтеді, жыл өтеді,
Адамға ұзақ жолдас жыл жетегі.
Серуендеп сексен жасқа келіп қаппың,
Жидектей жас болсам да, мен кешегі...



ҚАЖЫМҰҚАН

(Поэма)

Қызылжар бұл аймақтың карт қаласы,
Ауылдың осында өскен көп баласы.
Өмірге жолдама алып канат қаққан.
Қазақтың жүздеп — мындап қарлығашы.

Ол ұзақ ертегі ғой тындар шалдан,
Ол сұрлеу керуен мен кештен қалған
Сол кеште күш атасы Қажымұқан,
Бақытты замананы сткеп арман.

Бұл күнде отырсам да жұмсақ төрде,
Көшпелі киіз үйде туғам мен де.
Айналып қарай берем сол себепті,
Елімнен шыққан талай кемеңгерге.

* * *

Есімде дәл осыдан қырық жыл бұрын,
Тындадым Қажыекеннің қызық сырын.
Ол шертті өмірінен сан ертегі,
Ішінде Қызылжардың бақшасының.

Отырмыз Балұанды ортаға ала,
Қария, ер, әйелдер, қыз-бозбала

Сапырған сары қымыз бал татыған,
Қолында Қажыекеннің шағын шара.

Батырдың серуені бір бұл емес,
Қыдырып шаһар ішін құрар кенес,
Сый-сияпат қонақ жай көршілерден,
Батырға әзір тұрар ертелі-кеш.

Ну орман, таза ауа, жасыл бакша,
Хош иіс адам демін ішке тартса
Қай ақын мұны мактап жырламайды,
Жапырағы көк теректің көкті жапса.

Көркем-ау гүл бакшасы Қызылжардың,
Тігілген отауы бұл өнер әннің.
Қызығын қысқа күнде қырық көрген жан,
Дейді ғой: «Тамашаға тоя алмадым».

Мырза еді Қызылжарлық ағайындар,
Су десең бал сырасы болған даяр.
«Яшасын Қажымұқан баһодыр!»— деп
Ел іші дәм мен тұзын емес аяр.

Қарсы алды ел Қажыекенін жайып
құшак,

Біреулер тоқты сойып, біреу тұсак,
Сары қымыз саба-саба келіп жетті.
Пар-пар атпен ауылдан керуенге ұсап.

— Қызылжар,— дейді балуан — Туган
қалам,

Күреске белді бекем буған қалам.
Жылында бір келмесем сағынамын,
Қазақ, татар өзімнің інім, ағам

Келгенде кедей барын тосар маған,
Жомарт ел тоғысады Қызылжардан,
Біз кетеміз циркті думандатып
Жеңіспей беріспейтін асыл арман.

Жігіттер жиналыпты әлдеқайдан,
Қарауыл, керей, уақ, атығайдан.
Саятшы, домбырашы, балуан, әнші,
Құрметтеп бәрі маған құшақ жайған.

Бақшаның жұрт отырды көгалында,
Бағылан еті менен қымыз алда.
Тізелес Қажыекең мен Үкілі Ыбырай,
Ән қосқан сегіз перне домбыраға.

«Көп күрес Қызылжарда болмақ» деген,
Хабарға балуандар көңіл бөлген.
Европа, Россия, Шығыс елден,
Қаһарман чемпионның көбі келген.

Дүниеге даңқы шыққан медал тағып,
Амылшын чемпионы Рааза алып,
Француз чемпионы Альберт Дальтон,
Өткендей тауды бұзып, тасты жарып.

Красный, Черный маска атанған бар,
Бас-бетін перделеген балуандар.
Шатский, Миша Буров, Брагиндер,
Жауырыны жерге тимес қаһармандар.

Тағы бар Түркияның Мұхамеді,
Торсықтай сан білектің бұлшық еті.
Ұзындық, жуандығы бірдей кесек,
Адамның өзгеше бір кереметі.

Және бар Украинаның Гайдамагы,
Он пұттан артық дескен ер салмағы.
Бұлардың ортасында Қажымұқан
Дүннелік жүлдегерлер балуаны.

Япыр-ау бөлек-бөлек неткен дене
Отырдым қайран болып көппен мен де,

Піл көрген жас баладай карай бердім.
Мұндай да жан бар-ау деп дүниеде.

Батыс пен Шығыс елін түгел кезген,
Өткен ер «Барсакелмес» теңіздерден
Дәм-тұзын татып өскен Қызылжарға,
Бұл жолы шақырумен арнап келген.

Қазақтың қаны қызар күрес десе,
Ішкені ас болмайды күреспесе.
Ауылдың сауын айтқан тойларынан...
Бұл жиын асып кеткен әлденеше...

Қажымұқанның тұлғасы

Қажымұқан — күш атасы, ел баласы,
«Ей», десе намыс бермес ер данасы.
Жұп-жуан бас-мойыны бейне күмбез,
Жауырыны Көкшетаудың тақта тасы.

Көзі үлкен ала майлы, қалың кабак,
Шолпандай бұлттан шыққан қалса
карап.

Байқайды төкаббарды нығымен,
Бір өзін жүргендерді жүзге балап.

Көп адам нығынан келмейді оның
Окжетпес шыңы-ау дерсін жота-жоңың.
Еменнің түбіріндеі жұдырығы
Қос атан жаза алмайды екі қолың.

Кескіні кара торы, қалың бетті,
Ат жакты, мұрынды да, ер келбетті.
Күрестен құлақ шұнақ, ерні жырық,
Желке-алқым тас құмандай кесек етті.

Санындай жас бураның екі сапы,
Күбідей жұмырланған балтырлары,
Шынығып шымырланған ұла дене,
Секілді кереге тас, кеуде алабы.

Көп шыққан айқастарға, жекпе-жекке
Бұж-бұж боп таңба түскен екі бетке.
Түсірген тәйкесінен талайларды,
Тобық пен шынтағы ұқсас болар төске.

Салмақты мінезі бар, сөзі қысқа,
Әзілге аз айтса да, өткір ұста.
Ақылдың ой-сананың иесі ол,
Сезімтал, ұқсас ұшқыр қыран құсқа.

Жібермес ол намысын, ата салтын,
Сүйеді, құрметтейді туган халқын.
Спорттық әңгіменің жариясындай,
Мақтайды ұстаздарын тарихта алтын.

Күрестің французша сырын білген,
Күшіне тәсіл серік мың түрден.
Ұстазы Поддубный балуан орыс,
«Қажымұқан менің жолдас, досым»

деген

Поддубный оқытқандай жас баланы,
Қасынап Қажымұқанды тастамады,
Бұлардың күресі мен өнерлерін
Көзінен көрді дүние патшалары.

Дәулерін басқалардың алып ұрын,
Көрмеген өмірінде сағы сынып
Қырық сегіз мемлекеттен медаль алып
Көрсеткен топ алдына, қадап шығып.

Медальдар алтын, күміс әр ел таққан,
Кеудесін саусылдатып түгел жапқан.

Деседі бұған тендес адам болмас,
Өрен жан өздігінен өнер тапқан.

Айкаста екі талай ашуланса
Бұркырап қаңтардағы ақ боранша.
Алысса қарсыласын алып соғып,
Басады әрсі-күрсі қарт бураша.

Жыкса да «жан жеңбесті» ол мактанбас,
Сүрінсе тісін қайрап кек сактамас,
Масаның ызыңындай емес оған,
Балуандар ішіндегі көп бақталас.

Иманы жүрегінде ел памысы,
Қажымұқан кең даланың қыран құсы.
«Шығыстық Мұханұра» деп атаған.
Сүйсінген батыстағы үлкен кіші.

Қажыекең дарынды адам туған артық.
Бөгелген батыр емес күшін сарқып,
Ел — теңіз қиыры жоқ жер шарында,
Бетінде жүрді балуан қаздай қалқып.

Сакталған бойында бар ақындығы,
Жауатын өткіншідей тақыр жылы
Салғанда таразыға өлең, күшті
Көрінер қаракүштің басымдығы.

«Қажымұқанмын казакта күшім асқан»¹
Балуандықтан айтатын бір-ақ дастан.
«Орыс балуан» атанып он екі жыл.
Жиырма төрт патшалықтың жерін
басқан.

¹ Қажымұқанның өз өлеңі.

Жиырма төрт патшалықты араладым,
Бауахиды Кеше таудай жараладым
Жүрегімді жылытқан қызығы мол,
Туған жердей ыстықты таба алмадым.

Болып өстім несібем менің түзден,
Кім бар екен елінен күдер үзген.
Есіме туған елім түскен шақта
Жас домалап түседі екі көзден.

Қаласын кездім талай дүниенің,
Таныттым мені туған казак елін.
Үстімнен жүкті автобус жүрген шақта
Сонда да қайыспаған қайран белім.

Жайылған жер дүниеге менің ісім,
Адамды тандандырған кара күшім.
Ойлаған өлтіруге Сары Қик-Кидін
Сыпырғам түлкідей ғып бас терісін...»

Бетінде терен ойдың шежіресі,
Азаптың таптап өткен керуен көші,
Жат тауда жалғыз ұшқан жас бүркіттей,
Түлемей, тимей өскен өз үлесі.

Белгі бар маңдайында тамырланған,
«Болды деп өгей бала өмір жазған»
Октябрь таны атқанда қайта туды,
Толғанда қырық алтыға Мұқан ағаң...

Ыбырайдың ырғағы:

Бақшаның әлі отырмыз қоғалында,
Бөленіп қызық дұмап, ән мен жырға
Түсуге бір суретке келген жандай,
Коршап тұр Қажыекенді ұл да, қыз да.

Деуші едім тап өзіндей жақсыларға,
Тыңдамай мұны кәрі, жас тұрар ма
Алпыс пен жетпіс жастың арасында,
Жақсы адам, мендей картты басқа
ұрар ма?

Денең бар Нұхтың мінген кемесіндей.
Мұртың бар қыран құстың жебесіндей,
Жұрт келді тыңдағалы кеңесінді,
Өзіңе Сарыарқаның бөлесіндей.

Қ а ж ы м ұ қ а н:

Өтінем мен де сізден, ақын аға,
Жаны ақын қазағым сен, асыл аға,
Шерт,— дейсіз қай тараптан әңгімені,
Ойыңның түсіндірші затың, аға.

Ы б ы р а й :

— Қажымұқан, жөн сұраймын кім
ұлысын,

Руынды, атаңды айтшы көңілім тынсын.
Қай жерде туып-өстің, қайда болдың,
Баймысың, жыртық тонды келеймісің.

Арқада мен Үкілі Ыбыраймын,
Төрт момын ортасында жорға таймын.
Ойласам қазағымның шежіресін
Сен мақтан, сен қаһарман, сенде айбын.

Қ а ж ы м ұ қ а н:

Қараөткел, Есіл өзен бір өткелі.
Өткелден ат суарып, кім өтпеді.
Ақмола шағын қала жиегінде,
Қайысқан Қара ормандай қыр беттегі.

Туыппын сол Есілдің жағасында,
Көшпелі арғын, қыпшақ арасында.

Сұрасаң ұлы атамды Ернак балуан,
Бай емес, байға қоңсы қарашы да.

Өзімдей Қараөткелдің балалары,
Ауылда далаң-дұлаң жүрді бәрі.
«Ақсүйек» ойнап, дырду күресетін
Тұратын тамашалап жас пен кәрі.

Аспандап «алтыбакан» тебілгенде
Қыздармен қызық көріп жүрдім мен де.
Балаға қой күзету бір ғанибет.
Жарысу о да думан айлы түнде.

Ауылдың асау құнан дөнендерін
Құйрықтан бір ұстасам жібермедім.
«Иықтан тастау» түрлі күреспенен
Шынықты тастай болып білек, белім.

Күреске құдай мені қылған құмар,
Болмады белдеспесем көңілім тынар.
Баланы жекпе-жекке топтап атып
Жабылып келсе, үйдім ұмар-жұмар.

Ойын-той ас пен айт көп ауылдарда,
Бас қоспас қыз-бозбала ауыл бар ма.
Өзімнен мүшелі үлкен болса-дағы,
Қызығып жүрдім талай балуандарға.

«Балаға әке сыншы» дегендейін,
Күреске — деді атам, балам бейім.
Үйретті тәсілдерді күрестегі,
Үйіру, іштен шалу, тастау кейін.

Сүймедім «жалшы» деген жаман атты,
Көп жастар жалшылықтың зәрін тартты.

«Қу бала, ілеген төк, қолға су құй!»
Дегені бәйбішенің жанға батты.

Мен әсте білдірмедім жоқтығымды,
Жек көрдім сұм кедейлік жексұрынды.
Күресем, өлең айтам, атқа шабам,
Көтерді ойын-күлкі шоқтығымды.

Балуанға ат пен шекпен болды даяр,
Қазақ жок намысынан малын аяр.
Балуан, ақын зергер — ел еркесі,
Бұларға жұрттын бәрі құшақ жаяр.

Біздің үй керегесі селкілдеген,
Шаңырақ, уықтары қысық төмен.
Туырлық, үзік, түндік шұрк-шұрк тесік,
Алғандай жұлдыз санап ішіне енген.

Байлардың үйі тұрды пағыз төрде,
Ақ киіз жұмыртқадай әсем мүлде.
Үй жығып, үй тігуші жалшы, жарлы.
Бай, мырза карап тұрад, осы жөн бе?

Қойшығұл, Құрман қойшы құрдастарым,
Кетеді ерте айдап байдың малын.
Жастанып суыр қазған сары балшықты
Далада көрдім талай ұйықтағанын.

Көз сүздім бақыт іздеп елге, желге,
Тайпаңдап жүргендерден өзім кем бе?
Орманды кезген арық арыстандай
Ойландым аттануға басқа жерге.

Бар әлі тамыр орыс қартаң Иван.
Ұста боп балта соғып темір қиған.

Ертеде Акмолага көшіп келіп,
Ондауға арба-шана сайман жиган.

Дос орыс ақыл берді бір барғанда:
— Ұқсайсыз тамыр Мұқан балуанға.
Мектеп бар мықтыларды оқытатын
Жете алсаң, патша тұрған Петерборға.

Бұл сөзі лүпілдетті жүрегімді,
Жасаған бере гөр деп тілегімді.
«Іман шарт» емес күрес, молда оқытқан,
Бара алсам, үйренер ем біреу құрлы...

Ауылым, бай да сенсің, кедей сенсің,
Бұрайды сені ойласам менің де ішім.
Тәуекел, жетіп жатыр қайрат күшім,
Дедім де белді будым кету үшін.

Байлардың надан, ерсі қағидасын,
Көрдім де, сөздім жалпы жарымасын.
Қалаға кетейін деп даярландым,
Жемқордың тамық көріп босағасын.

Қызылжар ел аузында бейне ертегі,
Қыздары — дейді,— құшшақ ер еркені.
Бай қала, сәтті сауда деседі жұрт:
«Құдайға Қызылжардан қол жетеді».

Қыдыруға Қызылжарды әркім ынтық,
Мал айдап күн тартады күзем қырқып.
Жейдесіз жарлы байға жалданады,
Жалбандап қу шекпені жыртық-жыртық.

Дарига-ай, біздің үйде дәулет бар ма,
Байларда семіз көлік, сырлы арба.

Жексұрын қарлы атымды естімеуге.
Ойландым тез кетуге Қызылжарға.

Кірімшек Ақмоланың саудагері,
Жүн-тері қырық арбаға артып еді.
Баруға Қызылжарға көлік айдап,
«Мықты» деп көптен тандап алды мені.

Жол ұзақ, казак арба ойбайлаган,
Арбаны ол заманда кім майлаган.
Жер ауган жолаушыдай сенделеміз.
Малайлар арып-шаршап жүк айдаган.

Қалың ел қала берді аргын-қыпшақ,
Жоқшылық ер жігітті орға жықпақ.
«Бақыт бар пәлен жерде» дегенменен
Қаңбақтай кете бардым желден ықтап.

Дейтұғын суы семіз, оты арық,
Қараөткел қала берді мұнарланып.
Ботасы кейін қалған қара нардай
Артыма қарай берем мың толғанып.

Тәп болса сүйегінде, болсаң озық,
Көшкенде ат аударыс о да қызық.
Қыс бүркіп ұстап түлкі қасқыр алса,
Жаз жүрсең қаршығана қаз ілдіріп.

Бұл сөзім көңіліңді көтергенім,
Ауылды мақтағаным жетер менің.
Білімсіз надан өскен кәріптерміз
Қорлықпен өмірі өткен ата-тегім.

Кеш қонып, ерте көшіп керуендер,
Қалады артымызда ойпат, белдер,

Пар, пар ат пәуескемен шауып өтер,
Кожамыз кыңыр калпак саудагерлер.

Менде жок саудагердей жүйрік жорға,
Жаяуым кұлазыған ұзын жолда.
Айналам мен сиякты терең ойлы
Әкемдей карап тұрған тау мен жон да.

Дала кең, жол шетіне жетпейді көз,
Көліктер былк-сылк етіп баспайды тез,
Төбеде айналады кара құстар.
Ылдида коркак қоян болады кез.

Мен жеккен өгіз, түйе, аттар арық,
Ашамай, мойындырық сынық жарық.
Бұканың тілі құлаш шығады да,
Жаңуар таяк жейді жатып алып.

Шалқайып «Шортандының» жатыр көлі,
Жайлаған баяғыдан ауыл оны.
Күрескен жанды көріп тойды ауылдан,
Қайратым қоздырады жолда мені.

Сайрайды қырда торғай көкке шығып,
Үндері жанды тербеп жүз құбылып
Таң беріп жағалтай құс ұмтылғанда,
Бозторғай құтылады жерге бұғып.

Аккөлде қаз тобымен өріледі,
Ұшуга акку ару ерінеді.
Қожасы айдын көлдің мен дегендей
«Һауп-Һауп» деп әуіп-әуіп те керіледі.

Сұраймын Көкшетаудан шын кедей кім?
Өзгермес жұлдыздар ма, ай менен күн.

Орман-тау жасыл кілем сипатында,
Тұман да дел-сал болып, маужырар түн.

Ежелден жер мен көкте дәулет кие,
Сен ғана «кедсей» деген сөзге ие.
Кеп менің қарт анамдай кейін қалған
Сүйеді Көкше мені емірене.

Шықпаған бұғап дейін басына ешкім,
Көрінді бөрте бөркі Оқжетпестің.
Айнакөл Бурабайға мақтанады
Тірегі мен болам деп жер мен көктің.

Осы оймен аяндаймын қала жаққа,
Алдымда не бар, сор ма әлде бақ па.
Ұйықтасам түсте көрем ата-анамды,
Отырған көзін сүзіп сағанаққа.

Сол кезде он сегізде менің жасым,
Қамалдың сындырамын қара тасын,
Жаксы үміт, ауыр азап, елесі көп,
Сенерім денсаулығым күш-қуатым.

Деп жұртқа Ақмола айтқан жинапкез
шал,

Ойым жоқ көп жинауға дүние мал.
Мақсатым күшімді елге көрсету боп,
Сәтті ме, сәтсіз бе, ол, боламын дал.

Білменшің «но» деуге де, орыс тілін,
Әттеген-ай үйренсемші соны бұрын.
Қаңғырдым бір жұмадай көше аралап,
Тапқаным қапқаным болмай жұғын.

Біз көрдік Қызылжардың тамашасын,
Базар бар, кірсең оған адасасың.

Қайнаған құмырысқадай сауда малы.
Сарт та сұрт алақаннан қатар басың.

Сатады біреу күшін, біреу сүтін,
Ақшасыз табылмайды саумал жұтым.
Алдына қасапшының топ-тобымен,
Әкеп тұр әркім қаз бен тауық құсын.

Нан іздеп жиналыпты әлдеқайдан,
Қайыршы алым-жұлым қолын жайған.
Жарымжан: ақсақ-соқыр, шолақ, пұшық,
Сұрайды садаканы жарлы, байдан.

Мен көрдім Қызылжардың отарбасын.
Отарба тұлпар екен күші басым.
Поезбен аралауды еттім арман,
Ақмола. Қызылжардың екі арасын.

Жігітке бақыт, бейнет азғантай ма,
Қол жеткен ұсынғанмен көктегі айға.
Дедім де: «бақ мандайға, тас таңдайға»
Жалдандым «Маслаков деген байға».

Маңқиын ылтыпатты жылы леппен,
Қажекең шертті сырды бастан кешкен.
Жапонның орталығы Токиоға
Ресейдің балуандары қалай жеткен.

— Жаз еді жанға жайлы сапар шықсақ,
Жер кілем орман жасыл торғынға ұқсап.
Құлпыртқан Қиыр Шығыс ну орманы
Қонаққа кел дегендей бізді нұсқап.

Күреске шақырды елі күншығыстың
Салмағын өлшемек боп барлық күштің.

Келеміз өзенді аттап, теңізді өрлеп
Ұшырған баласындай қыран құстың.

Харбинге барып тұңғыш күрес бастап,
Сенімің туган елдің жүрдік ақтап.
Жапон мен моңғол, корей балуандарын
Жықтық біз жауырындарын жерге
таптап.

Толқытып біз келеміз теңіз бойын,
Көңіл шат арамызда күлкі-ойын.
Мәлімсіз әр жүректе бір түйін бар,
Қай түрлі болар деген алдағы ойын.

Жеткенше Токноға кеме жүзіп,
Толқынды қарсыласқан толқын ұрып.
Портта қаптаған жан құмырсқадай
Әйелдер гүл ұсынды көзі күліп.

Батыстан: түрік, неміс, француздар,
Чемпион жер шарында атағы бар.
Кейбірі жұлдыздай боп жымыңдаса,
Қабағы кейбірінің қарлы ызғар.

Поддубный Иван, Карон менің досым,
Көп жылдар бірге тіккен күрес қосын.
Үйреткен әліппені ұстазымдай,
Па, шіркін, адал достар сондай болсын.

Халайық бас изеді бізді сыйлап,
Әкелді рикшалар ұзын сирақ.
Арбакеш рикшасы жаяу адам,
Сүйремек қонақтарды жанын қинап.

Отырдық арбакешке амалсыздан,
Ылайық болмаған соң дәстүр бұзған.

Жалаң бас, жалаң аяқ қу табандар
Ызғытып сүйреп келед, ойдан-қырдан.

Желаяқ болса-дағы жүйрік мықты,
Қаңбақтай ұшырар ма балуан жүкті.
Жеткенше қонақ үйге желе жортып,
Көзден жас, маңдайынан тері шықты.

Бөгелдік жүйріктерді тыныстатып,
Шығарған бұл «законды» қандай пасық.
Орыстың мейірімді мінезіне,
Қарттары қарап тұрды таңырқасып.

Күресі Токионың қызық керім,
Шаңдаттым өзім-дағы жапон төрін.
Қояндай домалаған балуаны
Намысқой жігітіне болды өлім.

Бөгелдік қонақ үйде тағы бір күн,
Маған дәл жылдай болды сондағы түн.
Түсімде теңіздің бір ақ аюы,
«Жеймін» деп шаба берді дүркін-дүркін.

Таңертең келдік күрес цирігіне,
Гүр-р етті ойнап жапон гимні де.
Кірді де әлде іштен император
Оралды ой басқамызға жүйе-жүйе.

Сахнаға шыға келді бір балуан,
Денесі бейне бір тас өте алуан.
Қара мұрт, мысық көзді, бұйра шашты,
Темірдей жаңа шыққан от-жалыннан.

Достарым танымады кім екенін,
Мен ғана тани қойдым жапон ерін.

Парижде бір күресіп жыққаным бар,
«Чемпион Сары Кик-Ки осы» дедім.

Қол соқты чемпионға жиылған көп,
Кілемде Сары Кик-Ки жалғыз тұр тек.
Арбитр бұл айкастың аты-жөнін
Атады: «Айқас жию-житсу» деп.

«Жию-житсу» жапондарда құпия іс,
Бұған керек сарқылмас айла мен күш.
Өлтіресің, не өлесің айқасында
Француз күресі емес, соғыс-ұрыс.

* * *

Апатка шығасындар қазір қайсың,
Құнынды өле кетсең, сұрамайсың.
Не істесе чемпионның еркі өзінде,
Өкінбе, бәріне де, айттым айқын.

Тым-тырыс балуандар қалды үнсіз,
Оңай ма екі дайда өлу құнсыз.
Таласып өмір, өлім жұрт алдында
Тұрғандай тас қорғанда бітеу жолсыз.

— Жұрт неге үндемейді?— дедім күліп.
Қарадым достарыма мойын бұрып.
Айқасқа тез баруға шешіндім мен.
Жасаған тәуекел деп ұшып тұрып.

— Қой барма,— деді маған Қарон-Иван.
Байқасам кескіні бар мені аяған.
Тындамай сары Кик-Киге мен де келдім,
Менменсіп ақ аюдай жеке тұрған.

Байкаймып арбитрдің сенімі зор,
Айқасқан Сары Кик-Қимен болады қор.
Алуға жығылғанның кегін бүгін
Орыстың балуанына құрғандай тор.

Мектебі жапондардың жасырылған,
Балуанды адастырмақ ақылынан.
Орыстар қап жұтсын деп, күтеді үміт.
Өзінің адам жеңбес батырынан.

Сары Кик-Қи жамандауға сыймайтұғын,
Жазықсыз болса, өлімге қимайтұғын.
Қолма-қол белдесуге келе қалса,
Ондайдан үркіп айыл жимайтұғын.

Сары Кик-Қи жапон емес жуас баяу.
Әзір тұр «өлтірем» деп маған таяу.
Тамұқтан шыққан, отты «күрзілі» жан
Аманда өзіне ажал ондайды аяу.

Батырдың көзің жапқан шок па дерсің,
Қайратпен сездірмейді іштегі өртің:
Сымбатты, тәні тастай сұлу жігіт,
Жиғандай бұған барлық жапон көркің.

Қапжардай қайрап қойған ың-ыңғайлы,
Жыландай адамға атар өте сайлы.
Жаратқан жайырақ беріп жүйрік аттай,
Таппадым денесінен артық майды.

Тұрды ол «қазір сені өлтірем» деп,
Кездестім айдаһарға мен жекпе-жек.
Чемпион мені танып, түсті есіне,
Баяғы Париждағы жығылған кек...

Тым менмен төбесімен көкті ұрғандай,
Қолында атылатын оқ тұрғандай.
Ресей балуанын тез өлтіріп,
Жапонға бәйге әперем деп тұрғандай.

Атады оқты көзі мойынымды,
Дегендей көрсетемін ойынымды.
Жапоннан қазақ неге таяқ жесін
Даярлап тұрмын «тоқпақ сойылымды».

Екеуміз екі шетте тұр ек катып,
Сары Кик-Ки жолбарыстай келді атып.
Сарт етіп алқымыма салды қолды,
Жұлуға кенірдекті бір-ақ тартып.

Жібердім қанды тырнақ қолын қағып,
Қуандым бұл өлімнен аман қалып.
Жапондар батырына соқты алақан
Шыққанға шабуылға тым қуанып.

«Жаса!» деп айғайлады Сары Кик-Киге
Лактырды қыздар гүлді үйме-жүйме.
«Қажымұқан» деуші залда бір адам жоқ.
Бурадай тісті қайрап тұрмын мен де.

Күшейтті шабуылды есер батыр,
Басыма орнатпақ боп заман ақыр.
Сахнадан карап тұрған Поддубный.
Дегендей болды: «Жаудан кетпе қапыл»

Досымның көзі қайрат берді маған,
Бір адым жакындадым жауға таман.
Андып ол талмау жерді зыр жүгірді,
Қой жейтін аш қасқырдай жалаң-жалаң.

Ілезде аяғыма шап берді ол,
Лақтырып жіберуге сілтедім қол.
Тіземнен көз ілеспей қағып өткен
Көзімнен от жарқ етті білгенім сол.

Ұрғандай қанды қылыш қырыменен
Талықсып ауырып тұр оң жақ тізем.
Сырқырап бара жатқан табаныма,
Батады тастай болып кара кілем.

«Қик-Ки» деп шуылдады залдағылар,
Балуаннан құдайындай жалбарынар.
Бажылдап менің соққы бергеніме,
Ыза боп, біреу күлер, біреу жылар.

Басыма жау мысықтай міне кетті,
Я ханнан, атқан оқтан шапшаң епті.
«Жолбарыс» құлағыма салды аузын,
Сығымдап қос саусағы кеңірдекті.

Ызалы мен де ұмтылдым көк қасқырға,
Ертедеп ұлып жүрген аш қасқырға.
Ол шайнап құлағымды жұлқылап жүр,
Мен карап тұрайын ба, қан басқырға.

Сол қолым желкесіне қонды мықтап,
Оң қолым беті-аузын түрді ұыстап.
Бүркіттей он саусақпен бүріп басын,
«Һауп!» деп жерге ұрдым ашу қысып.

Бет-мұрны түгелімен сыпырылып,
Қопарылып көзге келді жымқырылып.
Төбесі жұмыртқадай сытырлады,
Ырылдап айуан жатты дымы құрып.

Көзді ашып-жұмғанша-ақ бәрі де тез.
Жан жегіш жолбарысқа болыппын кез.
Жұлғанын құлағымды көрді түгел,
Циркте кірпік қақпай тігілген көз.

Құлақтан қап төгілді аяғыма,
Сары Қик-Ки жауыз мені аяды ма.
Жосаға малынғандай шыға келдім,
Өзім де келсем керек «бажайыма».

Қуанды өз достарым қолымды ұстап,
Оларға тұрмын олжа жанға ұксап.
«Сыбағасын алды гой» деді Ивандар,
Жығылған сары Қик-Киді қолмен нұсқап:

Дыбыс жоқ сары Қик-Киде өлген
жандай.

Шыдай ма балуанына адам бармай.
Зембілге тез салды да, алып кетті
Тарады ел, циркте де адам қалмай.

Төккендей тілеулестер көзінен жас,
Құсқандай жүректен у, қан аралас.
Басылып су сепкендей лепірмелер,
Салбырап кетіп барады қайғылы бас.

Құйындай қимылыма жүзі жылып,
Мысқылмен Поддубный Иван күліп:
— Жапондар алды бізден «сыбағасын»
Жүретін көптен бері дәме қылып.

Сары Қик-Ки аренадан шыққан кезде,
Шамдары жарқыраған сөнді ілезде.
Құлағым шұнақ болған себебі сол
Жапонмен жекпе-жекте кездескенде.

ҚОРҚЫТ БАТЫР

(Е л а у з ы н а н)

Аңызда — оның ұлты оғыз-қыпшақ,
Жасынан көрді талай бейнет қыспақ.
Сонда да жасылдайын жарқылдады,
Жаманға қас, жақсыға жайып құшақ.

Ержетті күйші Қорқыт он жасында
Мүшесі мыс па, әлде қорғасын ба?
Көтерер төбесіне доптай жеңіл —
Даланың жартасын да, тау-тасын да.

Мекені — Қаратаудың айналасы,
Тау емес онда жалғыз бар жартасы.
Сол тастың төбесінде тартылады
Қорқыттың қыл кобызы-жан жолдасы.

Жас Қорқыт өзі батыр, өзі мерген
Айналып құзды, тасты жүре берген.
Аң аулап, құс ұшырып келе жатып,
Бір гажап оқиғаны көзі көрген.

Қазандай бір кара тас емес биік,
Тұрғандай жалғыз адам әрең сыйып.
Үстінде осы тастың бір бас жатыр.
Сақалы тастан төмен жерге тиіп.

Әлде өңі, әлде түсі жас баланың,
Тағы үңілді укалап қас-қабағын.
Адамдай күресетін жақындады,
Адымдап кара тастың тақталарын.

— Ассалаумағалейкум, — деді басқа,
Кескен бас жалт қарады шөккен таста.

Кәдімгі адам басы, денесі жоқ,
Кездескен Қоркыт бұған таң қалмас па.

Құйылған бейше шойын адам басы,
Бір құшақ ақ матадай сақал-шашы.
Көзі отты, жүзі ойлы, тілі орамды,
Адамның байсалды бір қариясы.

Б а с:

— Уағалайкумассәлем, балам,— деді
Көңілің әр тарапқа алаң ба еді?
Жатыр ем о дүниенің түкпірінде
Әдейі іздеп шыктым бүгін сені.

— Ей, ку бас,— деді Қоркыт,— жансың
неткен,
Күнсіз жер, айсыз тасты мекен еткен.
Айтшы өзің адамбысың, перімісің,
Ку бассың, өзге денең қайда кеткен?

— Ей, Қоркыт,— деді ку бас тебіреніп,
Мен сенің атаң болам жатқан өліп.
Жалғанда өлім атты жалмауыз бар
Сол жұтты, кете бардым мен де көніп.

Аң, құсты, малды, жанды өлім құртар,
Құрт-құмырсқа, бақа-шаян бәрің жұтар.
Байды да, батырды да қуып жетіп,
Осы өлім жығып тастап, басын қырқар.

Қ о р қ ы т:

— Өлімге болдың ба әлде өзің бейім,
Білгізші аты-жөніңді «ата» дейін.
Сен менің рас туган атам болсаң,
Төбеме өле-өлгенше көтерейін.

Б а с:

— Батыр ем мың кісіні жалғыз жайлар,
Піл менен жолбарысты қойдай байлар.
Жеткенде екі жүзге демім бітті.
Өлімге қандай адам қару сайлар.

Мал айдап, тау жайлаған атам қазақ,
Түспеген белден қанжар, қолдан садақ.
Жұлдыздай жұрағатым қайнап есіп,
Дүниеге қазақ атым кетер тарап.

Мен өлдім, сен өлмеудің ізде жолын,
Өлме, өс, өмір болсын ендігі орын.
Бақыт тап, күреспен өс-батам саған
Ай-күнге жетер болсын созған қолың.

Қалдырдым, балам, саған алтын сақа,
Әкелік жүрегімнен бердім бата.
Сақада мың батырдың қуаты бар,
Қөрмейсін ол тұрғанда зорлық-жапа.

Жан едің жарғақ киген жетім бала
Женетін сені жалғыз өлім ғана.
Қамшы гып пайзағайды, дауылды ат қып,
Ел баста, саған мекен мынау дала.

Мұны айтып қу бас төмен домалапты,
Соңынан Қорқыт тұра қуалапты.
Астына мынау тастың кіріп кетіп,
Сол қу бас, үнсіз, тілсіз жатып апты...

Ойланып Қорқыт батыр кетті шауып,
Қу бастың сөзі өлімнен берді қауіп.
Қай елге барса Қорқыт, қазылған көр
Алдынан шыға берді ауық-ауық.

Көп көрді әзірленген көрді Қоркыт
Ойланды, толғанды да ұзақ толқып.
Сол кезде бір қарт ана ақыл берді
Жан екен көпті көрген шын кең қолтық.

— Уа, Қоркыт, қырық жыл болды
білем сені,

Сен едің даладағы елдің ері.
Қорқудан, қашудан да ат басын тарт.
Мезгілсіз бітпес, сірә, адам демі.

Мінекей жасым келді екі жүзге,
Жалғанда жаны тәтті жалғыз біз бе.
Өлімнен мен де ықтадым, құтыла алмай,
Ұстайды әлде үйде, әлде түзде.

Қоркыт, сен Қаратаудың тасындайсың,
Жадырап бұлтсыз күндей ашылғайсың.
Аулына жаулар келіп жайлап жатыр
Тез барып жерге бәрін батырғайсың.

Басына Қаратаудың бұлт ұласып,
Мал мен жан азан-қазан жүр адасып.
Қиіктей аю қуған мына мен де,
Жерімнен желі тартқан шықтым қашып.

— Рас па, әже, тауға жау келді ме?

— Қарағым, мекеніне жау келді де.
Көп елді бөрідей боп жатыр талап,
Шынымен елің малға теңелді ме?

Берейін зәм-зәм судай ақ батамды,
Жой, балам, көңілдегі бар қапанды.
Дұшпанды жүндей түтер батырым бол,
Еліңе әулие атан ақ сақалды.

Бата алып анасынан Қорқыт кетті,
Жер үшін дене жанып, жүрек кекті.
Желдіртіп жел маясын алты күнде,
Алты айлық Қаратауға келіп жетті.

Ер Қорқыт арыстан боп келген жауға,
Қырыпты топ-тобымен Қаратауда.
Қарахан қауымының қалғандары
Сұрапты қорыққанынан басқа сауға.

Қартайып жүзге Қорқыт жеткен шақта,
Мәңгілік ие болған жақсы атаққа.
Атапты туған елі данышпан деп,
Құрметпен отырғызып құрмет-таққа.

Қалайша данышпан деп атамасын,
Болжайды күн ілгері дос пен қасын.
Толғайды, күй төгеді кобызынан
Шолнды кең даланы таудың басын.

Мекендеп Қаратаудың айналасын
Сактаган көз нұрындай түйір тасын.
Айналып карт қырандай есіне алар,
Атаның тау астында жатқан басын.

Еліне әрі қорған, әрі дана,
Үлкенге — бала, жасқа туыс-аға.
Қақ жарған кара қылды әділ Қорқыт
Нашарға Қаратаудай болған пана.

Асқанда жасы жүзден Қорқыт батыр,
Кез болды баяғы өлім — заманақыр.
Күйшінің даңқы мәңгі арта берсін
Сол Қорқыт қастарында, міне жатыр.

* * *

Сап, сап!.. Бұл — Қорқыттың ескерткіші,
Орнатқан ескерткішті күйдің күші.
Қалыпты алтын асық тас астында
Алуға еш адамның жетпей күші.

Асықтың алшысы алтын, бүгі күміс,
Тәйкесі фосфорит боп, жігі құрыш.
Жайылған тау астына теңіздей боп,
Алуға адамдарда болмаған күш.

Кешегі ұлы Октябрь таңы атқанда,
Шапағат шұғыласын таратқанда.
Қорқыттың кобызы да түрегелді,
Шіркін күй тебіренбей тек жатқан ба?

Сол күйде — Қорқыт баба тілегі бар,
Мыңменен жалғыз алысқан білегі бар.
Сол күйде — еш сөнбейтін алау сынды,
Ақылгөй Қорқыт баба жүрегі бар...



МАЗМУНЫ

Денин пұры	3
Көсем туған заманда	4
Владимир жаралғандай	4
Ант	5
Құтты болсын орденің	6
Комбайншы жыры	6
Ақ көгершін ұшырдык	7
Күзгі көріністер	8
Көркейткен байтақ елді	9
Комсомол — менің мектебім	10
Біздің келешек	11
Жаңа жыл	11
Он күн	12
Ағасың	13
Ана арманы	13
Балам сені	14
Біз сүйеміз	16
Егін жыры	16
Почтальон әні	19
Отан әні	19
Балға — орақ	20
Жылдар сыры	22
Он бес пен жиырмада	22
Отыз бен жиырмада	23
Қажымұқан (поэма)	25
Қорқыт батыр (поэма)	48

Малдыбаев Ғалым.

Желдірме. Өлеңдер жинағы. Алматы.
«Жазушы», 1972.

56 бет. 7600 дана. 23 т.

Республикамыздың аға ақындарының бірі Ғалым Малдыбаев өзінің сыршыл өлеңдері мен поэмалары арқылы жұртшылығымызға ертеден таныс. Ақынның бұл ұсынылып отырған жаңа жинағына соңғы кездерде жазған өлеңдері мен «Қажымұқан», «Қорқыт батыр» атты кішкене-кішкене екі поэмасы кірді.

7—4—3

47—72

Каз2

М 17

Галим Малдыбаев

Р И Т М

Стихи и поэмы

(На казахском языке)

Издательство «Жазушы» Алма-Ата — 1972

Редактор **С. Сейтхазин**. Художник **В. Андреев**.
Художественный редактор **А. Смагулов**. Технический редактор **К. Фаритденов**. Корректоры: **Н. Измаилова**, **К. Утегенова**.

Сдано в набор 21/IV-1972 г. Изд. № 233. Подписано к печати 19 VI-1972 г. Бумага типографская № 2. 70×90^{1/2}—1,75 п. л.—2,04 усл. п. л. (Уч.-изд. л. 2,2) МГ05591. Тираж 7600 экз. Цена 23 коп.

Заказ № 2912. Типография № 18 Главполиграфпрома Госкомитета Совета Министров КазССР по печати, г. Алма-Ата, ул. Утепова, 23.